

Алматы қаласында өтетін I Халықаралық кинофестиваль туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 19 наурыздағы N 236

Тәуелсіз мемлекеттер Достастығының Үкімет басшылары Кеңесінің 1994 жылғы 19 желтоқсандағы шешімін және "Қазақстан Республикасының әлемдік киноның 100 жылдығына байланысты бірлескен шараларды жүзеге асыруға қатысуы туралы", Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 18 қазандағы N 1345 қаулысын орындау мақсатында және елдегі кинематографияны одан әрі дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің Алматы қаласында 1998 жылдың қазанында I Халықаралық кинофестиваль өткізу туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Алматы қаласында өтетін I Халықаралық кинофестивальді өзірлеу мен өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің қоса беріліп отырған құрамы бекітілсін.

3. Алматы қаласында I Халықаралық кинофестивальді өткізу Алматы қаласының және Алматы облысының әкімдеріне, Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігіне тапсырылсын.

4. Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі бір ай мерзім ішінде Алматы қаласында I Халықаралық кинофестивальдің Бас дирекциясын құратын болсын, осы шараны өзірлеу мен өткізу жоспарын бекітсін.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Алматы қаласында өтетін I Халықаралық кинофестивальді 1998 жылға арналған республикалық бюджетте "Мәдениет саласындағы демалыс пен қызметті ұйымдастыру" деген 08 функционалдық топ бойынша көзделген қаражат шегінде қаржыландырылсын.

6. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кеден комитеті Алматы қаласында өтетін I Халықаралық кинофестивальді өткізу үшін Алматы қаласында өтетін I Халықаралық кинофестивальді өткізуге тікелей байланысты, уақытша Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін кинофильмдерді, ақпараттық-жарнамалық және басқа да өнімдерді баж төлеуден босататын болсын.

7. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Алматы

қаласында өтетін I Халықаралық кинофестивальге қатысушыларды визалық қолдауға жәрдемдессін.

8. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Алматы қаласында өтетін I Халықаралық кинофестивальді бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жариялауды ұйымдастырысın.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1998 жылғы 19 наурыздағы

N 236 Қаулысымен

бекітілген

Алматы қаласында өтетін I Халықаралық кинофестивальді
әзірлеу мен өткізу жөніндегі Ұйымдастыру комитетінің

ҚҰРАМЫ

Балғымбаев Н.Ә. - Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі, төраға

Көшербаев Қ.Е. - Қазақстан Республикасының

Білім, мәдениет және

денсаулық сактау министрі,

төрағаның орынбасары

Храпунов В.В. - Алматы қаласының әкімі,

төрағаның орынбасары

Нұрқаділов З.Қ. - Алматы облысының әкімі,

төрағаның орынбасары

Арын Е.М. - Қазақстан Республикасы Білім,

мәдениет және денсаулық

сактау вице-министрі

Әшімов А. - "Елім-ай" кино-шаруашылығы

бірлестігінің президенті

Бектұров Р. - "Эйр Қазақстан" ЖАҚ

президенті

Бүркітбаев С.М. - "Қазақтелеком" ААҚ президенті

Жақсыбеков А.Р. - Ақмола қаласының әкімі

Ертілесова Ж.Ж. - Қазақстан Республикасының

Қаржы бірінші вице-министрі

Ыбрайымбеков Р. - ТМД және Балтық елдерінің

Кинематографистер одағы

конференциясының тең төрағасы

Қалиев Е.Ж. - Қазақстан Республикасының

Көлік және коммуникациялар

- министрі
Қасейінов Д.К. - Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және деңсаулық сақтау министрлігі Мәдениет комитетінің төрағасы
- Қасымов Г.Е. - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Кеден комитетінің төрағасы
- Күзембаева Г.Л. - "Гала-ТВ" продюссерлік фирмасының басшысы
- Михалков Н.С. - ТМД және Балтық елдері Кинематографистер одағы конфедерациясының тең төрағасы
- Назарбаева Д.Н. - "Хабар Агенттігі" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының бас директоры
- Рымжанов О.М. - Қазақстан Республикасы Ұлттық кинематография орталығының төрағасы
- Сәрсембаев Н. - Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі төрағасының орынбасары
- Сәрсенбаев А.С. - Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрі
- Сарыбаев Қ.Ш. - Қазақстан Республикасы Президентінің баспасөз хатшысы, баспасөз қызметінің жетекшісі
- Сатыбалдиев Е.А. - "Қазақстан теледидары және радиосы республикалық корпорациясының" президенті
- Сұлейменов Қ.Ш. - Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі
- Тоқаев Қ.К. - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК